



№ 1 (1470)
15 қаңтар
2013 жыл

Аптаулық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

СТРАТЕГИЯ – басты бағыт

Биылғы жылдың алғашқы ректорат мәжілісі еліміздің болашағын айқындайтын басты бағдарламалық құжатқа арналды. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың дәстүрлі Жолдауы жарияланғаннан бері ректоратта, факультет және кафедраларда көңінен талқылаудан өтіп, қызу қолдауға ие болды. Ендеше 14 қаңтардағы отырыста Стратегия аясында атқарылар ауқымды істердің жоспары жасалып, іске асыру тетіктері тағы да нақтылана түсті.



Шұғыл күннің мен, қасиетті білім ордасы!

79 жылдық тарихы бар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – ұлағатты ұстаздардың даналығы мен жастардың жалынды істерін, білім мен ғылымға деген ізденісі мен құштарлығын бойына сіңірген, таусылмас білім ордасы. Қасиетті қарашаңырақ тарихының әрбір кірпіші оның белгілі ғалымдары, оқытушылары мен студент жастарының шығармашылық талмас қайраты мен күнделікті еңбегінің арқасында қаланған. Қазақ ұлттық университеті қабырғасында қазақстандық зиялы және саяси, экономикалық ортаның ең таңдаулы өкілдері дайындалып, нағыз элиталық жоғары оқу орнына айналды.

Университет басшысы Ф. Мұтанұлы, алдымен, «Қазақстан – 2050» Стратегиясының маңызы мен міндеттеріне тоқталды. Бас құжаттың әрбір бағыты бойынша айқын мақсат қою қажеттігін айтты. Ал мақсатқа жету үшін еліміздің даму серпіні мен интеллектуалды күшін арттыруда ортақ еңбек арқылы бір арнадан табылу керектігін еске салды.

Мәжілісте бірінші проректор М.Мырзабайұлы «Қазақстан – 2050» Стратегиясын жүзеге асыру мақсатында атқарылар негізгі іс-шаралар жоспарымен таныстырды. Аталмыш жоспарды жасауда Елбасының «Назарбаев университетіндегі» баяндамасы, «Әлеуметтік жаңғыру: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам», «Қазақстан – 2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» құжаттары басшылыққа алынған. Жаңа жоспар инновациялық менеджмент; Жаңа кадрлық саясат; Ғылыми-инновациялық қызмет; Оқу-әдістемелік қызмет; Әлеуметтік-тәрбиелік қызмет және «ҚазҰУ қалашығы» кампусының инфра-структуралық қалыптасуы мен заманауи дамуы салаларын қамтиды.

ОПҚ жаңа жоспарды қуаттай отырып, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы жайлы ой қозғады, пікір білдірді. Бұл күні білікті де білімді ғалымдар мен оқытушылар қауымының мерейі арта түсті. Бас ғалым хатшы Л. Маратқызы зор мақтанышпен «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауы мен «Болашақ» стипендиясының иегерлерімен таныстырды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

Сонау 30-шы жылдары қазақ жастарын ғылым мен білім нәріне сусындату үшін құшағын айқара ашқан тұңғыш университет ресми түрде 1934 жылдың 15 қаңтары күні ашылған. КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі 1933 ж. 20 қазанда № 2293 «Қазақстан үшін мамандар даярлау туралы» Қаулысын, БКП(б) Қазақ өлкелік комитеті 1933 жылы 13 қарашасында қазақ педагогикалық институттың негізінде «ҚазМУ-ды құру» туралы Қаулы шығарды.

Осы 15 қаңтар күні ҚазМУ-дың алғашқы жігерлі 54 жастары мемлекеттік университеттің алғашқы студенті атанып, биология және физика-математика факультеттеріне қабылданды. 19 қаңтар күні Верный ерлер гимназиясының ескі ғимаратында оқуға кірісті. Осы жылдың 1 қыркүйегінде химия факультеті ашылды. Университеттің ғылыми және оқыту жұмыстары небәрі 18 оқытушы құрамымен басталды. 1934 жылдың 5 желтоқсанында университетке қоғам қайраткері С.М.Киров есімі берілді.

Гуманитарлық - шеттілдер факультеті (1937) және филология факультеті (1938) ашылды. Қазақ жастарына арналған дайындық бөлімдері ашылып, мамандықтар аумағы кеңейді. 1938 ж. аспирантура мен Ғылыми

кеңестің құрылуы ҚазМУ-дың даму бағдарындағы маңызды оқиға болды. Сұрапыл соғыс жылдары университет «Барлығы майдан үшін! Барлығы Жеңіс үшін!» деген ұранмен жұмысын жалғастырды. Сұрапыл соғыс жылдары С.М. Киров атындағы ҚазМУ бірінші категориядағы ЖОО қатарына жатқызылды. Әлемдік деңгейдегі белгілі ғалымдар: М.О.Әуезов, Қ.И. Сәтбаев, Е.Б.Бекмаханов, Д.В.Сокольский, К.П.Персидский, А.Б.Бектұров, Т.Т.Тәжібаев т.б. азаматтар ғылыми мектептердің тізгінін ұстады.

Соғыстан кейінгі жылдары жаңа факультеттер: геология-география (1947), тарих (1948), 1949 жылы филология факультетінде психология және логика бөлімдері, жаңа философия және экономика факультеттері мен кешкі және сырттай оқу бөлімдері ашылды. 1955 жылы заң факультеті ашылды.

70-80 жж. университеттің керемет Студенттер қалашығы салынып, ғылым мен білімнің жаңа дәстүрлері туындады, дамып, нығая түсті. Шығыстану (1989) мен халықаралық қатынастар факультеттері (1995) ашылды.

ҚазССР Министрлер Кабинетінің № 629 Қаулысымен 1991 жылы 23 қазанында Қазақ мемлекеттік университетіне ұлы

ғұлама философ, энциклопедист-ғалым Әбу Насыр әл-Фараби аты беріліп, 1993 жылдың 9 қаңтарындағы №1059 ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қаулысымен «әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті» деп аталатын болды. ҚазМУ Халықаралық Университеттер Ассоциациясына кірген Қазақстандағы бірінші жоғары оқу орны болды.

Жылдан жылға университет дамуының басты бағыттары анықталып – әлемдік білім беру жүйесіне дәйекті түрде жақындау, мамандарды даярлауда халықаралық стандарттарға көшті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың білім және ғылым саласындағы дамуының маңыздылығын, бүкіл әлем алдындағы мәртебесін ескере отырып, «SPI алтын медалімен» марапатталды. 2003 жылы 16 қыркүйекте Еуропадағы белгілі Болонья (Италия) университетінің қабырғасында университет Дүниежүзілік университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойды.

Бүгінде күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан мен ТМД елдерінде бірінші болып мамандар даярлаудың әлемде қабылданған «бакалавр-магистр-философ» бағдарымен білім беруде.

(Басы. Жалғасы 2-бетте.)

БҮГІНГІ САНДА:

КУРАТОР-ЭДВАЙЗЕРЛЕР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТЕРІН АРТТЫРДЫ



2-бет

БҮГІНГІ САНДА:

ПАРАД ТАЛАНТОВ



7-бет

БҮГІНГІ САНДА:

ЖАРАЙСЫҢ, МАКСИМ!



8-бет

15 қаңтарда қара шаңырақ ҚазҰУ-дың туған күніне арналып университет мұражайында мұражай қызметкерлерінің ұйымдастыруымен тарихи көрме ұйымдастырылды. Көрмеге университеттің 40, 50, 60, 70, 75 жылдығына арналып жарық көрген басылымдар, құттықтау адрестері, көне суреттер, альбомдар мен жәдігерлер қойылып, университет тарихының әр белестерін бейнелейтін видеосюжеттер ұсынылды.

Қара шаңырақ туған күніне арналған тарихи көрме

Дәл осы күні музейді ректорат қызметкерлері, студенттер, университет қонақтары, оның ішінде Қазақстан республикасындағы «EF education First» компаниясының өкілдері (Ұлыбритания), компанияның бас директоры Барыш Учок мырза келіп, музейді тамашалады. «Құрмет кітабында» университет ұжымын шын жүректен құттықтап, ізгі

тілектерін қалдырды.

Жыл сайын дәстүрлі өткізілетін Жәутіков олимпиадасына қатысушы дарынды мектеп оқушылары да университет тәлімді тарихымен, болашақ жоспарларымен танысып, осы оқу орнының студенті атансам деген арман жетегінде болды.

Мұражай қызметкерлері

Туған күніңмен, қасиетті білім ордасы!

(Жалғасы. Басы 1-бетте.)

фия докторы» тәрізді үш сатылы жүйесіне толық көшті, PhD докторларын сапалы дайындап шығаруда. Қазір қуатты интернет корпоративті жүйесіне негізделген кредиттік оқыту технологиясы толық жолға қойылған. Жастарға арналған интернет-орталығы, студенттер қалашығын толық қамтитын Wi-Fi сымсыз желісі, жастардан сапалы мамандар мен рухы биік ұлтжанды азамат дайындау мақсатында жүйеленген іс-шаралардың біртұтас тізбегі іске асырылды...

Елбасының қолдауымен университет қалашығын салудың екінші кезеңі қарқынды түрде дамып, химия, физика және география факультеттерінің жаңа ғимараттары салынып, еліміздің білім саласының дамуы мен өрлеуіне арналған керемет Мұражай жұмыс істейді. Ғылыми кітапхана мен жаңа «Әл-Фараби» мұражайы қолданысқа берілуге дайын.

Болашақта ультразаманауи медициналық орталық, Ғылыми иннова-

циялық кластер, магистранттар мен докторанттарға және шетел профессорларына арналған қонақүй кешені, жабық жүзу бассейні т.б көптеген жаңа жобаларды іске асыру басталады. Жаңа ғылыми жобалар аясында нанотехнология, баламалы энергетика және энергия үнемдейтін технологиялар, биологиялық және физика-химиялық технологиялар, фармацевтика және басқа да салалардағы басымдықты бағыттар бойынша зерттеулер жүргізіледі.

ҚазҰУ – Қазақстанның ЖОО арасында алғашқы ҚР Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» тағайындаған (2006) «Алтын сапа» жүлдесінің иегері, халықаралық және Еуразиялық университеттер Ассоциациясының мүшесі, бірнеше рет сапаны басқару жүйесін халықаралық сертификаттау мен мамандықтар бағдарламаларын аккредитациялауды жүзеге асырған (СМЖ), білім және ғылым саласында инновациялық игі істерді дамытуға атсалысқан көшбасшы университет.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – Quacquarelli Symonds (QS, Ұлыбритания), Thomson Reuters (США) агенттіктерінің зерттеулеріне сәйкес, дүниежүзі деңгейіндегі университеттер көрсеткіші бойынша әлемдік 400 топ-университеттер рейтингінде 390 дәрежеге енген (2012), БҰҰ бас хатшысы Пан Ги Мунның ұсынысымен Біріккен Ұлттар Ұйымының «Академиялық ықпал» бағдарламасына қабылданған Орталық Азиядағы тұңғыш университет. 2012 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ QS Stars – «Үш жұлдыз» басымдылық белгісімен марапатталды. Осы орайда, ҚазҰУ Орталық-Азиядағы аймақтар бойынша «QS жұлдызын» иеленген тұңғыш университет.

Әлемдік топ – университеттер қатарында белгілі дәрежеде алға жылжып, халықаралық деңгейде өзінің бәсекеге қабілеттілігін дәлелдеген университеттің алдында жаңа міндеттер мен талаптар тұр.

ҚазҰУ мұражай қызметкерлері

14 қаңтар күні ҚазҰУ-да Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент және Куратор-эдвайзерлер мектебінің ұйымдастыруымен куратор-эдвайзерлерге арналған «ЖОО-дағы тәрбиелеудің заманауи стратегиялары мен әдістері» атты семинар басталды. Мемлекеттік және ресми тілде жүргізілген семинардың негізгі міндеті куратор-эдвайзерлер жұмысын жандандыру, жетілдіру болып табылады.

«Куратор-эдвайзерлер педагогикалық шеберліктерін дамытумен қатар тәрбие жұмысын да жандандыруы керек», - дейді «Куратор-эдвайзер мектебінің» жетекшісі, профессор Айгерім Мыңбаева. Осы бағытта куратор-эдвайзерлерге студент сана-сезіміне әсер етудің ұтымды жолы ретінде заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану ұсынылды. Қазақ тобына сабақ жүргізген «Куратор-эдвайзер мектебі» жетекшісінің орынбасары Ұлмекен Болатқызы өз тәжірибесімен бөлісті. Тәрбие сағаттарында студентті толғандырған мәселелерді қозғаудың жаңаша түрлерін көрсетті. Студенттік топтардың куратор-эдвайзерлерінің қатысуымен ойын ойнатылды, психологиялық және психогеометриялық тестер жүргізілді.

Оқу-тәрбие жұмысын жүргізудегі басты тұлға куратор-эдвайзер қызметі аса маңызды әрі жауапты. Олар 1 курс студенттерінің университетке бейімделуіне, студенттердің рухани жаңғыруына, олардың бос уақытын тиімді өткізуіне, студенттер арасында



Куратор-эдвайзерлер педагогикалық шеберліктерін арттырды

достық қарым-қатынас орнатуға, студенттерді қайырымдылыққа, бірлікке, ынтымақтастыққа баулуға, әртүрлі университеттік ұйымдарға, үйірмелер мен клубтарға қатынасуын қадағалауға, білім сапасын жақсартуға, студенттерді әртүрлі қиындықтарды жеңе білуге үйретуге, т.б. белсене атсалысады. Осы орайда оларға «Куратор-эдвайзер мектебі» әдістемелік кеңес берумен қатар педагогикалық-психологиялық көмек көрсетеді. Қаңтардың 14-18 аралығын қамтитын аталмыш семинарда куратор-эдвайзерлерге қолдау көрсету, тәжірибе алмасу байланысын арттыру мақсатында өткізіліп отыр. Семинарға қатысушы механика-математика факультеті, информатика ка-

федрасының аға куратор-эдвайзері С. Кабдрахова: «Семинарда тәрбие сағаттарын студенттерге қалай қызықты өткізу керек деген мәселелер көтерілді және мысал ретінде бірнеше тақырыпта тәрбие сағаттары талқыланды. Атап айтсақ, «Бала мен ата-ана», «Отбасы мәселесі», т.б. семинар өте қызықты өтті және де барлық куратор-эдвайзерлердің алдағы жұмыстарына көп көмегі тиеді деп ойлаймын», - деді. Ал жалпы және бейорганикалық кафедрасының доценті Л. Түгелбаева мұндай кездесулердің қажеттігін, берер жемісі мол деп санайтындығын жеткізді. Семинар соңында қатысушылар арнайы сертификат иеленеді.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

2012 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауының иегерлері:

1. **Әлиев Бахадүр Әзімжанұлы** – қатты дене және бейсызық физика кафедрасының профессоры
2. **Әлкебаева Дина Ақбергенқызы** – қазақ филологиясы кафедрасының профессоры
3. **Башова Ажар Қоспанқызы** – жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының профессоры
4. **Данаев Нарғозы Тұрсынбайұлы** – математикалық және компьютерлік пішіндеу кафедрасының профессоры
5. **Ердаулетов Станислав Рамазанұлы** – рекреациялық география және туризм кафедрасының профессоры
6. **Есімсейітова Зура Бүркітқызы** – биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының доценті
7. **Жақсылықов Аслан Жамелұлы** – аударма теориясы және әдіснамасы кафедрасының профессоры
8. **Жұбатова Баян Нұрсұлтанқызы** – шығыстану факультетінің деканы
9. **Исмағамбетова Зухра Нұрланқызы** – философия кафедрасының профессоры
10. **Қалыш Аманжол Боранбайұлы** – археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі
11. **Кангужин Балтабек Есмәтұлы** – фундаментальдық математика кафедрасының меңгерушісі
12. **Ким Алла Михайловна** – жалпы және этникалық психология кафедрасының профессоры
13. **Корулькин Дмитрий Юрьевич** – органикалық заттар, табиғи қосылыстар мен полимерлер химиясы және технологиясы кафедрасының профессоры
14. **Құлжанова Бақытгүл Райханқызы** – дипломатиялық аударма кафедрасының доценті
15. **Мәдібаева Қанипаш Қайсанқызы** – қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының профессоры
16. **Мұхитдинов Наштай** – биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының профессоры
17. **Негізбаева Марлан Оңласынқызы** – ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының профессоры
18. **Сүлейменова Элеонора Дүйсенқызы** – шетел филологиясы және жалпы тіл білімі кафедрасының профессоры
19. **Тыныбеков Серікқали** – азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі

P.S. Үздіктер қатарынан көрінген оқытушылар қауымын «Қазақ университеті» мен ҚазҰУ ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймыз! Жаңа жылда жетер жетістіктеріңіз мол болғай! Шығармашылық табыс тілейміз!

Ғасыр саңлағына арналды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында факультет басшылығы және қазақ тілі бірлестігінің ұйымдастыруымен ұлы ғалым А.Байтұрсынұлының 140 жылдығына орай «А.Байтұрсынұлы – қазақ әліпбиінің атасы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге А.Байтұрсынұлы мұражайының директоры Райхан Имағанбет, А.Байтұрсынұлының жиені Байсалова Айман Хабиденқызы, Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті Бейбіт Исхан қатысты. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Райхан Сахыбекқызы факультет тыңдаушыларына ғасыр саңлағы, ұлағатты ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы, ғылым жолы жайлы мәлімет бере келе: «Ол – қазақ әліпбиін түзеп, түрлеудің, ана тілінде оқулықтарды жазудың мәні зор екенін ғасыр басында қоғам ахуалмен байланыстыра отырып, ауыр жүкті қолға алып, замандастарымен бірге ұлт тілінің келешегі үшін күрескен

кемеңгер. Кемеңгерлігі сол, әркімнің тіліне еріп, адасып жүрген жұртына «Қазақ әліпбиін» тайға таңба басқандай жасап берді», – деп орынды баға берді. Сонымен қатар, А.Байтұрсынұлы реформалаған араб жазуы негізіндегі әліпбиі заманында қазақ халқының мәдени өміріне зор серпіліс әкелгенін, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына ықпалы болғандығы туралы да тоқталып өтті. ҚазҰПУ доценті Бейбіт Исхан қазақ тіл біліміндегі А.Байтұрсынұлы еңбектері жайлы кеңінен сөз етті. Дөңгелек үстел тыңдаушылардың қызығушылықтарын тудырған қызу сұрақтарға ұласты. Шара соңында факультет тыңдаушысы Асыл Ерзат баба рухына арнаған өз жырын оқыды.

Аталған шара көпшілік үшін А.Байтұрсынұлы жайлы мол мәлімет берумен қатар өмір жолынан үлгі-өнеге болары сөзсіз.

Ж.Т. ИБРАИМОВА, Г.САПАЕВА,
ЖОО-ға дейінгі дайындық
факультетінің оқытушылары

EXPO 2017 – айрықша мәні бар оқиға

Энерго-экология кафедрасының кезекті ғылыми-тәжірибелік семинары «EXPO 2017 – бүкіләлемдік әмбебап көрме дегеніміз не және ол Қазақстанға қандай нәтиже береді?» деген сұрақпен ашылды.

EXPO – бүкіләлемдік әмбебап көрмелер – ғаламдық масштабтағы оқиға болып табылады және бүкіл әлемнің экономикалық, ғылыми, технологиялық және мәдени жетістіктерімен танысудың тамаша мүмкіндігі, сонымен қатар тарихи тәжірибе көрінісінің, инновациялық шешімдермен алмасудың негізі болып табылады. Көрме әрбір бес жылда өткізіліп отырады. Ол әлемдегі ең мәртебелі және беделді көрмелердің бірі болып табылады. EXPO көрмесіне миллиондаған туристер келеді және әрбір мемлекет әлемге өзінің экономикалық және технологиялық дамуының деңгейін көрсетуге тырысады. Нәтижесінде келушілер павильондардың керемет архитекторлық-көркем бейнесін және жаңа ғылыми жетістіктер негізінде жасалған көрме қойылымдарын тамашалай алады. Басқаша айтқанда, болашақ технологияларын көре алады.

Қазақстан үшін EXPO бұл:

- әлемге өзінің іскерлік мүмкіншіліктерін көрсетудің және жаңа іскерлік серіктестерді табудың сәтті әрі тиімді әдісі болып табылады;
- мемлекеттің экономикалық дамуына оңтайлы әсер етеді;
- халықаралық рейтингті нығайтады;
- шетелдік инвестициялар тартылады;

- іскерлік ортаны белсенділендіру процесі жүреді;
- бизнеспен, идеялармен және тәжірибемен алмасудың платформасы;
- сауда-экономикалық қарым-қатынастардың дамытады;
- өзара тиімді қарым-қатынас және отандық және шетелдік өндірушілерді, инвесторларды, кәсіпкерлерді біріктіру арқылы жаңа нарықтарға қол жеткізуге мүмкіндік туады;
- тауар және қызмет нарығын дамыту мен отандық экологиялық таза және қауіпсіз өнімді жетілдіру;
- «EXPO-2017» халықаралық көрмесінің символы болып табылатын бірегей архитекторлық ғимарат салынады.

Жүзден аса мемлекет өздерінің павильондарын салып, бізге әлемде жасалып жатқан істерді көрсету үшін есіктерін айқара ашады.

Сондай-ақ өндірістің барлық салаларына талаптар жоғарылап, жаңа технологиялар, материалдар, құрылғылар орнатылып, халықаралық энерго-экология кафедрасы дайындайтын жаңа мамандар шақыртылады деп ойлаймын.

Сайран БАЯНДИНОВА,
ғылыми-тәжірибелік
семинар жетекшісі энерго-экология
кафедрасының оқытушысы

*Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанның
Әлемнің құлағынан әні кетпес...*

Мағжан ақын осы сөзді бекер айтпаған.
Бұл таланттың талантқа берген бағасы...

Абайды білмек парыз ойлы жасқа...

Өлеңі де, мінезі де дауылдай екіңді, күн шуағындай нұрлы, бұлақтай таза ақын Абай Құнанбаевтың артына қалдырған мол мұрасын уақыт көмескі тарттыра алған жоқ. Қайта уақыт өткен сайын мән-мағынасы артып, оқырманның жұбанышы да, қуанышы да бола білетін жалынды жырларға айналды. Ақын өлеңдерін парақтап отырсаңыз, Абайдың жан – дүниесіне өтене жақындай түсесіз. Пенделіктен ауылын алыс салып, ақиқатты жанына сөрік еткен ұлы Абайдың жан күйзелісін, тар шеңберге сыймаған асаулығын көресіз. Сол ұлы ақынның жан дүниесіне үңіліп, «жүрегінің түбіне терең бойлаған» қазақ филологиясы және қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының III курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Шын хакім, сөзің асыл баға жетпес...» атты Абай қара сөздеріне арналған ашық сабақ болып өтті. Сабақтың алға қойған мақсаты – Абай қара сөздерінің тәрбиелік мәніне үңіліп, көркемдік ерекшеліктеріне назар аудару. Сонымен қатар қара сөздердің жариялануындағы кеткен қателіктер, баспа бетіне өзіндік, қара сөздер жайында осы күндегі көкейкесті мәселелер, ғалымдардың зерттеулері назардан тыс қалған жоқ. Студенттер екі

топқа бөлініп, бірі – журналистер, екіншісі – жас ғалымдар болды. Журналистер қауымы көкейде жүрген түйткілді мәселелер төңірегінде жас ғалымдарға сұрақтар қойса, ғалымдар оларға нақты жауап берді. Жалпы, бұл сабақта Абай қара сөздері жайында әр түрлі пікірлер айтылып, тың ойлар ортаға тасталды. Журналистер қауымынан мынадай ұсыныс түсті: «Абай қара сөздерінің атын өзгертіп, «Ақыл кітабы» немесе «Сенім кітабы» деген сияқты атауларды ұсынсақ қалай болады?» Бұған Айжан Жамбылбай, Салтанат Минайхан сынды жас ғалымдар үзілді-кесілді қарсы болды. Айжан: «Қара сөздердің атын өзгертсек, ештеңе де жаңарып, жанданып кетпейді, «қара сөз» деген атаудың қала бергені дұрыс», – деді. Бұл пікірге студенттердің жартысынан көбі келісті. Сонымен қатар Фариза Жанеке, Айгерім Смутуллаева, Бекзат Смадияров, Әлия Бостанова, Ғалия Қашырбекова, Бауыржан Мырзақұловтар да белсенділігімен көзге түсті. Ашық сабақ аяулы ұстазымыз Қанипаш Мәдібайдың студенттерге арнаған ыстық лебізімен аяқталды.

Мөлдір ҚЫДЫРБАЙ

Желтоқсан айында ҚазҰУ-да ірі тұлғалы ғалым, атақты мемлекет қайраткері, белгілі заңгер, парасатты жол көрсетуші және артына теңдессіз мирас қалдырған үлкен жүректі азаматтардың бірі, дәуірінің дарбозы, талай буынға ұлағатты ұстаз болған Мамытов Асабай Мамытұлының 100 жасқа толуына орай арнайы конференция ұйымдастырылды. Бұл үлкен жмынға заң ғылымдарының патриархтары С.С.Сартаев, А.Н.Ағыбаев, М.Сүлейменов, Д.Л.Байдельдинов, Р.Е.Жансарая, С.Т.Тыныбеков, Л.Ш.Берсігүрова, А.А.Исаев және де көптеген ғалымдармен қоса, шет елден келген Самара облысының прокуроры, заң ғылымының докторы, профессор А.Ф.Галузин, Г.Мұртазаева сияқты ғұлама ғалымдар қатысты.

Асабай Мамытов 100 жаста

Конференцияның алға қойған мақсаты қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу барысындағы соттық, құқықтық реформалары мен оның өзекті мәселелерін, қазіргі жағдайдағы соттың, тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің қылмысқа қарсы қауіпсіздік мәселелері бойынша ғылыми ережелерді жүзеге асыру шарттарын анықтау болды. Осы орайда Елбасымыздың «Қазақстан-2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында мына мәселеге назар аудару керек: Елбасымыздың тапсырмасы бойынша Үкімет 2013 жылы Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу заңнамаларын реформалауды бастау керек және Парламентке 4 жаңа кодексті: Қылмыстық іс жүргізу, Қылмыстық, Қылмыстық-атқарушылық және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексті әзірлеп, оны енгізу керек екендігін айтылды. Бұл өзекті заң актілерінің қабылдануы қылмыстық сот ісін жүргізуді және қылмысқа қарсы мемлекеттің күрес саясатын тұжырымдық тұрғыдан жаңғыртады, біздің құқықтарымызды қазіргі сын-қатерлерге өз дәрежесінде әрекет жасайтындай деңгейге көтереді.

Аталмыш мерекелі іс-шарада, яғни конференциямызда атақты заңгер, білікті маман А.М.Мамытовты еске алумен қатар, кезекті секцияларда қорғалған баяндамалар мен ғылыми еңбектер осы Елбасымыздың Жолдауын талқыға салып, біраз тұжырымдамалар жасалды.

Себебі салыстырмалы түрде айтып отырғаным, Мамытов Асабай Мамытұлы прокуратура және сот саласында қызметте болғанында әділетсіздікпен күресуге, заңдылықты сақтауға үлкен үлес қосумен қатар, сот-құқықтық реформалар жасауға да септігін тигізді.

Негізінен айта кететін бір жайт, бұл жиынның өтуіне заң факультетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы атсалысты. Халқының болашағын ойлап өткен асыл азамат, заң ғылымдарының докторы, көрнекті қайраткер Асабай Мамытұлын кейінгі ұрпақ ұмытпақ емес.

Е.Т. НҰРМАҒАНБЕТ,
Е.Т. ӘЛІМҚҰЛОВ,
қылмыстық құқық,
қылмыстық іс жүргізу және
криминалистика кафедрасының
оқытушылары

Адам Мицкевич атындағы Познань университеті саяси ғылымдар және журналистика факультетінің деканы, профессор Тадеуш Валлас:



Познань - журналист кадрлар ұстаханасы

Біздің сұқбаттасуымыз – поляктың ұлы ақыны Адам Мицкевич атындағы Познань университетінің саяси ғылымдар және журналистика факультетінің деканы, саясаттану докторы, профессор Тадеуш Валлас мырза.

- Оқырмандарымызды өзіңіз жетекшілік ететін Познань университетінің саясаттану және журналистика факультеті, оның студенттері мен оқытушылары, ғылыми-әдістемелік базасы қызықтырады.

- Біздің факультетте жоғары білімнің бірінші, екінші және үшінші сатыларында 4 мың студент білім алады. Біз оларды саясаттану, халықаралық қатынастар, журналистика, қоғамдық байланыстар жүйесіндегі ақпарат пен коммуникация, ұлттық қауіпсіздік мамандары бойынша даярлаймыз. 90-нан астам оқытушы, соның ішінде 31 доктор мен профессор жұмыс істейді. Сондай-ақ университетіміздің өзге факультеттерінен, Познаньның өзге жоғары оқу орындарынан ұстаздарды және кәсіптік орта өкілдерін шақырамыз. Факультетіміз қазіргі үлгімен салынған жаңа да кең ғимаратта орналасқан. Өзіміздің теле- радиостудиямыз, ақпараттану кабинетіміз, кітапханамыз бен оқытуға қажетті құралдардың бәрімен жабдықталған аудиторияларымыз бар. Оқырмандар www.wprid.amu.edu.pl сайтына кіріп, факультетіміздің бет-бейнесін тамашалай алады.

Студенттер еуропалық интеграциялық үдерістер алдындағы Шығыс және Орталық Еуропа; тікелей демократия; теория және практика; Шығыс және Солтүстік Еуропа тәжірибесі; Солтүстік Еуропадағы аймақтық және еуропалық интеграция; Таяу шығыстағы саясат пен өзгерістер сияқты курстарды өтеді.

- Факультеттің ғылыми және академиялық байланыстары туралы айтыңыз.

- Факультетіміз 28 шетелдік оқу орындарымен байланыс орнатқан. Олар, негізінен, Еуропалық оқу орындары, сондай-ақ Оңтүстік Кореяда, Тайваньда, Түркияда, АҚШ пен Бразилияда да әріптестеріміз бар. Мұндай ынтымақтастық ортақ жарияланымдар әзірлеу, әріптес оқу орнында тағылымдамадан өту және ортақ конференциялар ұйымдастыру мен зерттеу топтарын құруға негізделеді.

Тиісінше біздің студенттер еуропалық ERASMUS бағдарламасы ауқымында студенттер алмасу шараларына қатыса алады. Мұның өзі таңдап алынған университетте бір семестр немесе тұтас оқу жылында білім алуға мүмкіндік береді. Факультет Еуропалық одақтың және Түркияның 37 университетімен ынтымақтастықты жолға қойды. Екіжақты келісімдер негізінде студенттеріміз өз жұмыстарын осы мерзімде Еуропалық одақ ауқымынан тыс жерлерде де қорғай алады. Биылғы академиялық жылда осындай мүмкіндікті 120 студент пайдаланды.

Польша университеттерінде ғылыми тағылымдамадан өткен және білім алып жатқан Қазақстан азаматтарының саны жылдан-жылға өсе түсуде. Олар Познаньға да, соның ішінде факультетімізге де келіп жатыр. Қазіргі таңда 6 студент магистратурадағы оқуын жалғастыруда. Өткен жылы 4 студент болған еді. Бір ізденуші Астанадан келіп, аспирантурада «ақпараттық саясат» мамандығы бойынша оқуға тілек білдірді. ТМД елдерінен келген оқушылар ішінде қазақстандық студенттер саны жағынан украиналықтардан кейін екінші орын алады.

- Сіздің факультет, сондай-ақ, журналистерді де даярлайды. Біздің

оқырмандарымыз журналист кадрлары қалай шыңдалатынын білгісі келеді.

- Болашақ журналистерді біз үш жыл бакалавр дәрежесіне (лиценциатқа) даярлаймыз, магистр дәрежесін алғысы келетіндер тағы екі жыл оқиды, диплом алғаннан кейін тағы бір жыл білім алады. «Журналистика және қоғамдық коммуникация» мамандығы бойынша оқып жатқандар өз білімдері мен машықтарын «мерзімді баспасөз, радиожурналистика, тележурналистика, веб-журналистика» мамандануы бойынша жалғастыра алады. Сондай-ақ, «PR және жарнама», «қазіргі БАҚ» немесе «бизнестегі коммуникацияларды басқару» мамандықтарын таңдай алады.

- Болашақ микрофон және қалам қайраткерлерін кімдер оқытады? Теория мен тәжірибені қалай ұштастырудасыздар?

- Болашақ журналистерді кәсіпке факультетіміздің оқытушылары мен ысылған тәжірибелі мамандар баулиды. Тәжірибелі мамандар арасында белгілі журналистер, жарнама агенттерінің мамандары мен баспасөз хатшылары жетерлік. «Журналистика, ақпарат және қоғамдық байланыстар саласындағы коммуникация» мамандағында біздің теле- және радиостудияда, сондай-ақ ақпараттану кабинетінде өткізілетін практикалық сабақтар көп, бұларда студенттер өз бағдарламаларын құрастыра алады. Камералар мен диктофондарды жалға алатын мүмкіндіктеріміз бар, оларды сабақтан тыс пайдалануға болады. Біздің студенттеріміз факультетте екі газет шығарады, интернет-радио мен теледидар хабарларын жүргізеді, қоғамдық теледидар үшін апта сайын 15 минуттық бағдарлама әзірлейді. Оқуды тәмамдау үшін редакциялардағы 6 апталық практикадан кейін міндетті түрде

сынақша тапсыру керек болады.

- Польша Республикасында журналистика саласында жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулер туралы әңгімелеп берсеңіз.

- Қазіргі таңда БАҚ саласындағы зерттеулер басым. Цифрлы бұқаралық ақпарат құралдарын, таблоидтардың ескең рөлін, жергілікті деңгейдегі баспасөздің даму үдерістері мен салалық БАҚ-ты, интернет мүмкіндіктерін ой елегінен өткізудеміз. Біз Познаньда тиімді жарнама тетіктері мен бұқаралық коммуникация үдерісіндегі жаңа технологияларды пайдалануға байланысты БАҚ заңнамасына өзгерістер енгізу мәселесін қарастырамыз.

- Енді кәсіби сұрақ: Польшадағы бұқаралық ақпарат құралдарының экономикалық жағдайын және сөз бостандығын қалай сипаттар едіңіз?

- Польшадағы БАҚ-тардың экономикалық жағдайы мез емес. Қазір Еуропа экономикасында тоқырау орын отыр, сондықтан да жарнамадан табыс төмендеді. Өйткені табыстың бұл түрінен тәуелділік жоғары екеніміне, осыдан көріп отырмыз. Бұл редакцияларда штаттардың қысқаруына әкеліп соғуда. Жарнама берушілерден мұндай тәуелділік сөз бостандығына, әсіресе жергілікті жерлерге төнген қатер болып табылады.

- Адам Мицкевич атындағы университет пен белді шетелдік оқу орындары арасындағы халықаралық ынтымақтастық туралы айтып берсеңіз.

- Университетіміз екіжақты келісім шарттар енгізу арқылы әлемнің әр шалғайындағы 220 жоғары оқу орнымен тығыз байланыс орнатқан. Сондай-ақ көпжақты келісімдер бойынша жұмыс істейтін бірқатар халықаралық консорциумдардың мүшесі болып табылады. Бұл ынтымақтастық негізінен алғанда оқытушылар, аспиранттар мен студенттер алмасу, жарияланымдар шығару, келісілген тақырыптарға ортақ ғылыми зерттеулер жүргізу, бірлескен конференциялар өткізу және ортақ бағдарламаларын қалыптастыру бойынша жүргізілуде.

- Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелеуші

Жетпісбай БЕКБОЛАТ

ҚазҰУ журналистика факультетінің доценті, ғылыми тағылымдамашы, Польша, Познань

Еліміздің Орталық Азия елдерімен ынтымақтастық орнатуда жетістіктері мол. Қазақстан мен Корей Республикасы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас орнағанына 20 жылдан асып отыр. Екі ел ынтымақтастықты нығайту жөнінде нәтижелі жұмыстар атқарды. Сондай-ақ білім беру жүйесі бойынша, 2011 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев Корей Республикасы, Донггук университетінен келген делегаттармен кездесті.

Кездесу барысында университеттердің арасындағы ынтымақтастық бағытын, студенттер мен оқытушылар айырбастау бойынша академиялық бағдарламаларды іске асырудың перспективасын, сонымен бірге түрлі зерттеу жобаларын іске асыру мүмкіндіктерін талқылады. Істің нә-

Сеул сапарынан үзік сыр

тижелі көрінісі ретінде екі елдің оқу орындарында студенттер білім алады. Алты ғасырлық тарихы бар, мәдениет пен білімнің орталығы болған Сеул қаласында біз де осы оқу жылының басында тәжірибе алмасып қайттық.

Сеул – Корей Республикасының астанасы. Корей елін XIV-XX ғасырлар аралығында Чосан әулеті басқарған. Басшысы Ли Сон Гениң ықпалымен Кенджу қаласынан Корей астанасы Сеул қаласына ауыстырылған екен.

Біз болашақ дінтанушы маман дар болғандықтан тәжірибе дінге байланысты өткізілді. Тәжірибе Донггук университеті, білім және халықаралық бағдарламалар департаментінде өтті. Барлығы Сеул Университетінің білім және халықаралық бағдарламалар департаментінің меңгерушісі, профессор, доктор Ин Джай Ким

басшылығымен атқарылды. Кумбрия университетінің профессоры, доктор Иан Харрис, осы университет студенттері мен магистранттарының ұйымдастыруымен «Буддизм және саясат» деп аталатын дәріс жүргізді. Профессор, доктор Иан Харрис бізге діни антропологияның ішіндегі буддизм және саясатты үйлестіру жолдары мен әдістерін үйретті. Дәрісті тыңдау барысында бізге Корей халқының мұражайлары, будда храмдары жайлы баяндады. Сондай-ақ университетінің магистранты Хе Им Сан Сумен бірге мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынастар жүйесін, мемлекеттің дінге әсерін анықтауға көмектесті. Сонымен қатар Сеулдің көрікті жерлерінде болдық. Кенбоккун сарайындағы ғибадатханаларды көрдік, Сеул қаласының нышаны болған

Намсан тауына шықтық. Шыңында ботаника бағы, субұрқақтары, Сеул мұнарасы, кітапхана орналасқан. Кенбоккун сарайында орналасқан Корей елінің ұлттық этнографиялық мұражайы өте үлкен, құнды заттармен байытылған, мұражайдағы 4000 құнды жәдігерлер Корей елінің бар болмысын, тарихын, мәдениетін айқындайды.

Мұның барлығын білген біздің жетістігіміз, ҚазҰУ-дың жетістігі. Алдағы уақытта дінді зерттеуде өз үлесімізді қосуға әрекет жасаймыз. Сенім артқан кафедра меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Құрманалиева Айнұр Дүрбелеңқызын алғысымыз шексіз.

Мадина САРСЕНОВА

Философия және саясаттану факультетінің 2 курс магистранты

Болашақты болжау кемеңгерлікті, асқақтық пен өрлікті талап етеді. Оған қоса асқан білімділік пен күш-қайрат, орасан зор ақыл-ой да қажет. Кеше ғана тәуелсіздігін алған еліміз бүгінде асқақ мұраттар мен биік белестерге жол бастаған жарқын жолда нық басып келеді.

Зор сеніммен жарқын БОЛАШАҚҚА!

Елінің дара, кемеңгер көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың ертеңгі күнге, һәм болашаққа жасаған батыл қадамдарының елімізді де, жерімізді де бейбіт, тыныш, ынтымақты, берекелі еткенін үлкен абырой биігіне санар едім. Неге дейсіз ғой? Себебі еліміздің тұңғыш Президенті атанған күннен-ақ, жас мемлекетіміздің әлем елдері алдында танылып, олармен иық теңестіре алатын дәрежеге жеткізу үшін батыл бастамалар жасап, елінің, жарқының мерейін үстем етіп келе жатқандығында. Қайсыбір елдің тарихын ашып қарайық, 21 жыл ішінде осындай дәрежеге жеткен елді көріп пе едіңіз? Тіпті, мүйізі қарағайдай мемлекеттердің өзі әлемдік 50 елдің қатарына қосылуға күштері жетпей жатқанда, біздің еліміздің сол алпауыттар ішінде, алпауыттардың мықты елулігіне енуінің өзі үлкен жетістік емес пе? Бағамдай берсең, баға берелік жетістік те, толағай табыс та жеткілікті. Мұның барлығы да, кезінде Елбасы жолдауындағы болашаққа жасалған мақсат-мұраттар еді. Бүгін ше? Бүгінде сол үміт, сенім бағдары сөзбен ғана емес, іспен астасқан.

Бұл жолдаудың бұрынғы жолдаудан айтары бөлек, мақсаты айқын, бағдары басқа. Жоғарыда айтып өткенімдей, ел келешегінің ертеңгі сеніміне шамшырақ болар тағы бір мақсат-мұраттың лаулаған күні. Енді біз басатын жол да, белес те өзгеше.

Жаңа жолдаумен – жаңа жол. «Басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру. Ол үшін мүмкіншілік те, ресурс та, білімді адамдар да, берекелі ұлт та бар. Бұл стратегия ұлттың 2050 жылға дейінгі жаңа саяси мақсатын қалыптастыруға бағытталған. Басты меже – қуатты да табысты мемлекет атану. Сондай-ақ әлеуметтік, астық және діни топтардың келісімі

мен татулығы жарасқан, әлемдік қоғамдастық таныған ел болу. Ұлттық экономикасы тұрақты мемлекет, ядролық қаруды таратпау тәртібін ілгерілетуде белсенді болуы тиіс», – деді мемлекет басшысы.

Елбасы жаңа стратегияның 7 бағытын бағамдап, өткенге шолу жасады. Келешекке жол жасап, оған тірек, қалқан етіп жастарға, яғни біздерге сенім артты. Елдің ертеңіне жауапты үш буынды атап, соңғы, нақты басымдылықты біздерге табыстады. Елбасы зор сеніммен: «Жарқын болашаққа бастайтын жастар! Біздің тың мақсаттарымызға апаратын сендердің күштерің де, жігерлерің де бар. Сондықтан да мен Қазақстанның алтын ғасыр болуына көміл сенемін. Бұл бейбітшілік пен гүлденудің ғасыры болмақ. Аңсаған азаттығымыз бен тәу етер Тәуелсіздігіміз берік болсын!» – деп, болашақтың жолын бізге жалғады. Жолдаудың барлық стратегиялық елшемдері, әр жолы – еңсесі биік еліміздің ертеңінің жарқын болатындығын қазірден-ақ айқындап тұрғандай. Мен қазір оқу оқып, білім алудамын. Болашақ еліміздің тірегі болар жастардың бірі ретінде мен жолдауды қолдаймын, қуат алып, соны іске асыруға күш саламын. Елбасы артқан сенім мен халықтың келешегі үшін бұл жолдаудан жастардың, яғни біздердің аларымыз да, атқарарымыз да көп. Бұл – біздің атқаруымызға тиіс бағыттар, мақсаттар жолы. Алға, қазақ жастары!

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
*Журналистика факультеті,
баспа ісі және
дизайн кафедрасының
2 курс студенті,
«Нұр Отан» ХДП-ның «Жас Отан»
жастар қанатының мүшесі*

В 1993 году Указом Президента РК была учреждена международная стипендия «Болашақ». Модернизация государства и общества, построение независимого Казахстана невозможны без подготовки высококвалифицированных и конкурентоспособных специалистов. Действенным механизмом формирования национальной интеллектуальной, деловой и прогрессивной элиты является программа «Болашақ».

«БОЛАШАҚ» – новые горизонты

В Послании народу «Стратегия «Казахстан-2050» Н.Назарбаев особо отметил, что в современном мире развитое конкурентоспособное государство – это государство с высокообразованной нацией. Глава государства заявил, что полагается на молодых казахстанцев, которым суждено стать двигателем нового курса. В центре внимания Лидера нации всегда была забота о создании необходимых условий для всестороннего обучения и роста молодежи.

Программа «Болашақ» занимает очень важное место в образовательном процессе и направлена на целевое обеспечение кадровых потребностей государственной службы, системы образования, научной и индустриально-инновационной сфер. Сегодня она сфо-

кусирована на подготовке магистров и докторов PhD и предоставляет широкий спектр стажировок в ведущих вузах мира.

В 2012 г. 24 преподавателя КазНУ им. аль-Фараби стали обладателями стипендии «Болашақ». Университет заинтересован в повышении квалификации своих специалистов, способных ориентироваться в потоке обновляющихся знаний и на практике применять передовой мировой опыт. Подготовка высококвалифицированных научно-педагогических кадров всегда была и остается одной из приоритетных задач вуза.

Назуль ТУЯКБАЕВА,
*обладатель международной стипендии
«Болашақ», доктор PhD, доцент,
заместитель декана юридического
факультета*

Стратегияны орындау білімді жастар еншісінде

Қазақстан Республикасы Президенті
Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған
«Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан
мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы
барша халықтың назарында.

Бұл Жолдауда тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның қол жеткізген табыстары мен келешектегі ауқымды жоспарлары жөнінде айтылған Президентіміздің сөздері біздің ел болашағына деген сенімімізді арттыра түсті. Елдің алдына жаңа мақсат, міндеттер қойылды. Осы міндеттер орындалу үшін баршамыз өз үлесімізді қосуымыз керек.

Елбасы еліміздің болашақтағы даму жолдарын айта келіп, жастарды тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Себебі Стратегия – ұзақ мерзімге арналған құжат. Жолдаудағы міндеттерді атқару, әрине, жастардың үлесіне келеді. Президент өз сөзінде: «Қазақстанның болашағы – сендердің қолдарыңда», – дей отырып, жастарға үлкен үміт және сенім артады. Сондықтан жастар белсенділік танытып, еліміздің өсіп-өркендеуіне ықпалын тигізе алатындарын жақсы түсінуі керек.

Қазақстанды өркениетті әрі бәсекеге

қабілетті елдердің қатарына қосамыз десек, білімді азаматтарды тәрбиелеу ең басты міндет екені анық. Бұл салада әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әрқашан көшбасшы болып келеді. Университетте білім беру жүйесін қалыптастыру кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Жолдаудағы білім беру саласы бағыттарын іске асырып, тапсырмаларын орындауда да табысты боламыз деп ойлаймын.

Сондықтан құрметті ұстаздар, университет қабырғасында білім алып жатқан студент жастарымызға өндіріске бейімдей отырып, рухани-мәдени тәрбие беру, олардың Қазақстан өркендеуінің кепілі екендігін саналарына сіңіріп, қалыптастыру – негізгі міндеттеріміздің бірі екендігін айтқым келеді.

Есбол ЖАМАЛБЕКОВ,
*География және табиғатты
пайдалану факультетінің профессоры*

Елбасы сөзі жастардың намысына қамшы басқандай

Еңселі еліміздің жағалауына тәуелсіздіктің алғашқы толқындары келіп жеткеніне де биыл 21 жылдың жүзі болды. Тәуелсіздіктің мерейлі мерекесі қарсаңында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев халыққа езінің «Қазақстан – 2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты дәстүрлі жолдауын ұсынды.

Ел Президенті өз сөзінде 1997 жылы қабылданған «Қазақстан - 2030» Стратегиясының негізгі бағыттары толықтай жүзеге асырылып, күтілген нәтижелерге ел болып, мерзімінен бұрын қол жеткізгенімізді қуана хабарлады. Күні кеше ғана болашағы бұлыңғыр, экономикасы тұрақсыз мемлекеттен біз бүгінде әлемнің алпауыт елдерін сапалы сұхбатқа шақыра алатын, саясаты сарабдал, бірлігі бекем, ынтымағы жарасқан мемлекетке айналдық. Қазақстанның ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ИК-ға сәтті төрағалық етуі Отанымызға деген құрмет пен сенімді арттырды. Бірақ бағындырған белестерде аялдап қалуға болмайды, алынбаған асуларға қарай асығу керек. Елбасының да жастарға айтпақ негізгі ойы осы болды.

Қазіргі таңда адамзат алдында тұрған су тапшылығы, энергия көздеріне деген қажеттіліктің артуы, азық-түлік жетіспеушілігі, ұлттық құндылықтарды сақтау, дағдарыстың жаңа толқыны, табиғи байлықтың сарқылуы сынды күрделі мәселелер жетерлік. Олардың дені Қазақстанды да айналып өте алмайды. Сондықтан елдің әлеуетін арттыру үшін Отанымызға білімді, өз

ісіне шебер, бәсекеге қабілетті мамандар керек екенін тілге тиек етіп, «2050 жылы Қазақстан әлемнің озық дамыған 30 елінің қатарына кіруі керек!» - деп, жаңа межені белгіледі. Жолдаудағы тағы бір жаңалық – 2025 жылға қарай әліпбиімізді латын графикасына ауыстыру жайы болды. Бұл өз кезегінде қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесінің артуына жол ашады. Дәл осы мерзімге қарай туған тіліміздің күнделікті қатынас тіліне айналатынын жеткізген Президент ойға алған мақсаттардың орындалуы үшін әрбір қазақ өзге ұлтқа сын тақпас бұрын, өзі мемлекеттік тілді еркін меңгеруі керектігін баса айтты. Тағы бір қозғалған мәселе - ұлтаралық келісімнің қалтқысыз сақталуы. Еліміздегі бірде-бір азамат қандай ұлтқа, дінге, нәсілге жататынына қарамастан, оның құқықтары заң жүзінде толықтай қорғалуы тиіс. Елдің мерейі халықтың бірлігінен өседі. Мемлекеттің мызғымас беріктігі де ұлттар татулығына байланысты. Елбасымыздың сөзімен айтсақ: «Тәуелсіз қазақ елінің азаматтарын алалауға, бауырластығын бұзуға ешкімнің қақысы жоқ!».

Осы тұста тәуелсіздік таңында туған ұрпақтарға зор үміт артылатынын айтқан Елбасы Н.Ә.Назарбаев талай жастың намысына қамшы басқандай болды. Осынау ұлттық мүдде, жалпы мемлекеттік арман құшағында мен де өзімнің халықтың үкілеген үмітінің тірегі екенімді сезінгендей болдым. Отанымың жарқын болашағына деген сенімім күшейді.

Динара ТІЛЕУБЕК,
*«Алтын сапа» пікірсайыс
клубының мүшесі*



Қазақ халқының бай ауыз әдебиетінің ортасында жүріп, одан сусындап нәр алған, оның баға жетпес құнын терең түсініп ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеп, оқулық жазып жарыққа шығарған және халықтың бай ауыз әдебиеті мұрасын өз шығармаларында жете пайдаланған ірі тұлғаның бірі – Сәкен Сейфуллин.

Сәкен
Сейфуллин

С.Сейфуллин – қазақ әдебиетінің қайнар көзі болған қазақтың дәстүрлі әдебиетінің, яғни халық шығармасының бай мұрасын зерттеп, оны шығармашылық жолмен игеру керектігін де үнемі қадағалап, ол жөнінде пікір айтып, оған қамқоршы болған әдебиетші.

С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы қазақ әдебиетіне інжу-маржан боп тағылған құнды дүние.

Ақын поэманың шығармалық сюжетін, адамдардың арасындағы қарым-қатынасқа құрған. Оқиғалар, қақтығыстар, іс-әрекеттер кейіпкерлердің мінезін ашып, кейбір образдарын типтік жинақтау дәрежесіне көтерген.

Поэмада Көкшетауға байланысты ел ішінде айтылып, бірден-бірге көшіп келе жатқан аңыз-әңгімелерді жігін ажырағысыздай жымдастырып, ақындық құдыретпен жырлай білген.

Поэманы көкше табиғаттың сұлу көркін суреттеуден бастаған ақын ол туралы ел ішінде толып жатқан аңыздар барлығына назар аударады.

Сәкен Көкше аңыздарының ішінен «Жеке батыр», «Бурабай», «Оқ жетпес», «Жұмбақтас» туралы әңгімелерді бөліп алады. Бұл аңыз-әңгімелер Көкшетаудағы бірнеше жерлердің жоғарыдағы аттарға не болуы жайын шертеді. Жеке батыр толуының аты қарауында тұрған батырдың қалғып кетуімен байланысты туса, Бурабайды сол көлді мекен еткен ақбас бура тарихымен байланыстырады. Ақынның ескі аңыз-әңгімелерге сын көзімен қарап, оған халықтың тұрғыдан баға бере білетін осы тұста анық байқауға болады. Сәкен жырлауындағы ел аңыздағы Бурабай көлін мекендеген ақбас бура ардақты ел күзетшілігі, соның жақсылық, жаманшылығына ортақ жануар болып суреттеледі. Ақ бура ел өміріне қатысты бар елеулі жайларды алдын ала сезетін болған деседі.

Сәкен пайдаланған аңыздарда Қасым бейнесі тарихи шындық негізінде сақталады. Қасым тұқымының тозып кетуін халық қарғысынан деп түсіндіреді. Атылған Ақбас бура мәңгі тас болып

қатып, шөгіп қалады. Бұл аңыздардың негізі – қазақ пен қалмақтар арасындағы ерте кездегі жауласушылықтың оқиғалары болып табылады.

Поэманы оқып отырғанда автордың жазып отырған объектісін терең білетінін және оның әрбір көрінісін ақынша сезініп суреттегенін мойындайсың. Ол фольклорлық материалдардағы сын көзімен қарап пайдаланады. Оны Көкшенің көрікті табиғатының шебер жасалған суреттерімен араластыра отырады.

Хан мен биді бағалаудағы ұлтшыл ақындар мен Сәкеннің позициясы екі түрлі. Ақын бұл жерде тек хандықтың атын ғана емес, оны мадақтаған ұлтшылдықтың әлеуметтік тегін де жария етеді. Мұны ашық көрсете отырады да өз пікірін дәлелдеуге нақты фактілер келтіреді. Ол фактілер – халық аңызы, халықтың хандар туралы ғасырлар бойы қалыптасқан көзқарасы.

Сәкен де поэмасында Кеңесарының хандық тәртібінің осы ата салтына құрылғанын жазады.

«Көкшетау» поэмасының негізгі кейіпкерлерінің бірі – осы шапқыншылықта қолға түскен қалмақ қызы.

Сәкен суреттеуінде қалмақ қызы – өзі сұлу, ақылды, мінезді, адамгершілігі мол, сүйіспеншілігі тұрақты, байсалды жан болып көрінеді.

Қыз ақылдылығы кімге тиюді таңдау өзіне берілген кезде байқалады. Ол көп жағасындағы биік шыңның басына орамал байлатып, кімде-кім соны атып түсірсе соған тимек ойын білдіреді.

Қыз бақытына қарай Абылай батырларының бірде-бірі шың басына оған жеткізе алмайды. Шыңның «Оқжетпес» атануы да осыдан. Тұтқын қыз амалсыз жаңа шарт қоюға мәжбүр болады. «Ер кезегі үшке дейін» деп, ол екінші шарт

етіп күні сынасуды ұсынса, үшінші жолы өз өмірін жұмбақтап айтып, соны шешуді сұрайды. Бәйгеге түскен қырық адамның негізі қыз тұрған тасқа қатар жетеді. Енді қыз жұмбағы айтылады.

Қыз жұмбағы – халықтың ауыз әдебиетінде көп ұшырасатын дәстүрлі жұмбақ. Ол өз басынан көшкен жайларды жұмбақтайды. Өзі және әңгімеге қатысы бар адамдарды онда әртүрлі құстар түрінде бейнелейді. Ол өзін кептер көрсетсе, қиянатшыл адамдарды қарақұс, жапалақ күйінде, лашын – елдің қамқор адамдары, сұңқар – өзінің сүйген жары, жыртқыш бүркіт – хош бейнесінде суреттеледі. Қыз жұмбақтаған бүркіт – Абылай хан. Қыз оны нағыз тау бүркіті қыран етіп бейнелейді. Жем үшін бейбіт жатқан тоғайдың жәндіктерін қырып, орман ішін у-шуға толтырып зарлатқан озбыр етіп суреттейді.

Қыз жұмбағын, оның қай құстың ерлігі артық деген сұрағын Сәкен поэмасында хан жасағы тағы да шеше алмайды.

Сәкен айтқан поэманың рухын мен оның қатыгез өдет – салттарын өшкерелеуге құрылған. Ең соңында қазақ батыры Ардақ қана қыз атынан өтіп, оның жұмбағын шешеді. Оқжетпес үстіндегі ақу ілінген бүркітті атып түсіреді, оның басындағы қыз орамалына оқ тигізеді. Бұл көп мысалдардың бірі ғана.

Сәкен Сейфуллиннің қазақ халқының бай ауыз әдебиетін өзінің «Көкшетау» поэмасында молынан пайдаланғаны, сол арқылы теңдесі жоқ туындыны халқына сыйлағаны жоғарыда айтқадардан анық көрінеді.

А.С. БҰЛДЫБАЙ,
ф.ғ.к.,

Филология, әдебиеттану және
элементтері факультетінің
доценті

«Көкшетау»

поэмасы қазақ әдебиетінің інжу-маржаны

Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы қазақ әдебиетіне інжу – маржан боп тағылған құнды дүние десек болады. Ақынның әйгілі «Көкшетау» поэмасы қазақ жерінің ең бір көркем, сәулетті өңірінің естен кетпес мынадай керемет сұлу суреттерінен басталады:

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі-кеш
бұлттар келіп,
Жүреді біліп кетіп есен-сауын.
Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Әрқайсы алтын кесе аясында.
Ауасы-дәртке дауа, жұпар иісті,
Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?
Мөп-мөлдір Бурабайдың суы күміс,
Көргенде шаршаған жан алар тыныс.
Мінбелеп қоршалаған шымылдықтай,
Қарағай, қайың менен қалың жыныс.
Ырғалған көкке байлап қарағайы,
Қасында көк желекті әппақ қайың.
Жібектей желмен шарпып төңіректі,
Балқытып мас қылады иіс майы.
Қарағай биік шыңды қиялаған,
Еш адам оны барып қия алмаған.
Шаңқылдап тау жаңғыртып,
шыңға қонып
Жалғыз-ақ көк қаршыға ұялаған.
Көкпеңбек шың басынан
мұнар кетпес,

Басына атсаң-дағы оғың жетпес.
Бір жұтсаң Көкшетаудың жұпарынан
Өлгенше көкірегіңнен құмар кетпес.

Біз бұл өлең шумақтарынан онда суреттелген мөлдіреген күміс айнадай сексен көлдің аясында, көк мұнарға оранып, көшкен бұлттармен есен-амандық сұрасып, сұлу жүзін әлсін-әлсін ақ жауынмен жуып, нұр жайнаған кербез ару Көкшетау табиғатының көріністерін өз көзімізбен көріп, жұпар ауасымен рақаттана тыныстап, көк қаршығасының шаңқылы мен қалың қарағай, көк желекті ақ қайыңдарының сыбдырын өз құлағымызбен естіп тұрғандай әсер аламыз.

Поэманы көкше табиғаттың сұлу көркін суреттеуден басталған ақын ол туралы ел ішінде толып жатқан аңыздар барлығына назар аударады.

Талай сыр ертегіні ел айтады,
Ызыңдап таудан соққан жел айтады.
Сырласып, сыбырласып жапырақтар,
Күндіз-түн күңіренген көл айтады.
Толғанып төмен қарап шал айтады.
Тамсанып таңырқанып бала айтады.
Тау-тасын тұнжыраған куә қылып,
От басы қатын-қалаш бәрі айтады.

Халық жадында ықылым замандардан бері ұшқыны өшпей жаңғырып жырланып

келе жатқан туындылар кейде табиғи өмірде болған шынайы оқиғалар сұлбасындай сендірсе, енді бірде халық арманы, ел тілегі осылай болса ғой деген қиялы ойдан туатына мән берілу керек.

«Көкшетау» поэмасындағы Абылай әскерінің қолына тұтқын болған қалмақ қызының сын-көркін батырлық жырлардағы батыр жырының сипатталуына немесе «Күн астында Күнекей қыздың» кейіпіне ұқсатуға болады.

Жамбы ату үрдісі С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасында кең сипатта суреттелген.

Қапияда тұтқынға түскен қалмақ қызының өз сүйгеніне берген сертінен таймау үшін ақыл-айласы жетерлік.

«... Түйіні садағы ұшқыр мергеніне,
Көз ілемін асқандығын көргеніме.
Байланған мына шыңның қақ басына,
Жаулығымды атып жығып бергеніне» – дейді.

Абылай қыз тілегін мақұл көреді:
«Қыз шешті орамалын беліндегі
Бар адам серт қып берген еліндегі...
Сағымдай наз алдынан ағып өтті.
Жол өмір туып-өскен жеріндегі
Жібекпен шайы орамал кестеленген
Айнала жазуы бар «есте» деген
Егер де айтқан сөзден таяр болсаң,
Мейлің жырт, мейлің өрте, шеш те» деген

Абылай өмірі:

«Ыңғайлы бір он жігіт сайлансын тез!
Орамал шың басына байлансын тез!
Садақ пен құлаш сынар кезі келді,
Серіппе садақ оғы қайралсын тез!..»
«... шіреніп садақтарын шыңға кезеп,
Сығалап орамалға оғын безеп,
Дағдарды оғын ешкім жеткізе алмай,
Ысқыртып садақтарын кезек-кезек».

Шың басындағы орамалға жан басының оғы жетпей, ол шың «Оқ жетпес» аталады.

Абылай батырларының бірде-бірінің оғы шыңға жетпейді де, қыз тағы екі сынды ұсынуға әзір. Бұл сындардың бәрі – дала төсінде өткен жанның берген уәдесін нық, айтқан сөзіне беріктігі білдіретін тұстар.

«... Екінші бәйге оп-оңай, күш сынау,
Одан соң үшіншісі жеңіл жұмбақ»

Сәкен лирикасының өзіндік сыр-сипаты алуан түрлі. Туған жерге сүйіспеншілік, табиғат көріністері мен құбылыстары, махаббат сырлары, сағыныш сазы, мезгіл суреттері, аң-құсты аялау, ана-бала сүйіспеншілігі ақын лирикасының басты тақырыптары. Ол, әсіресе табиғатты жан-жүрегімен нәзік сезініп, сүйіне жырлады.

Сыршыл да ойшыл ақын, сұлулық жырышы табиғатты онда мекендеген адамның көңіл күйімен, жасампаз еңбегімен байланыстыра жан бітіре суреттейді.

Перизат АБДРАМАНОВА,
Қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 4 курс студенті



Шәкірт жүрегіне жеол тапқан УСТАЗ

дар,” – дегеніндей, адам бойында қандай асыл қасиеттер болса, ол, ең алдымен, анасынан, екіншіден, ұстазынан даритыны сөзсіз.

Еліміздің әр өңірінен, тіпті әлемнің әр мемлекетінен келген студент жастарды тәрбиелеп, қыз-бойжеткендерге өзінің сыпайылығымен, биязылығымен, ер азаматтарға өзінің қайсар да өжеттілігімен үлгі болып жүрген Экономика және бизнес жоғары мектебі менеджмент және маркетинг кафедрасының жас маманы, білікті ұстаз – **Нұрмағамбетова Меруерт Талантқызы**.

*Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.*

Ұстаздық өткен жалықпас

Үйретуден балаға, – деп хакім Абай жырлағандай, ұстаз есімі қашан да ең қадірлі де ұлағатты. Өзінің жүрек қа-

Ұстаз деген сөзді естігенде көз алдыма жанарына мейірім мен жылылық ұялаған тұлға елестейді. Ол – әр адамның жүрегінен ойып тұрып орын алатын аяулы жан. Ұстаз – ақыл-ойдың кемеңгері. Олар болашақ елдің тізгінін ұстар білімді де білгір шәкірт тәрбиелеу үшін тынбай еңбек етеді. Академик Зейнолла Қабдоловтың: *“Ұстаз көрмеген кісі - үлгі-өнеге көрмеген кісі, ал үлгі-өнеге көрмеген кісінде қандай қасиет болмақ, асылы адам өзінің азаматтығының, ең алдымен, ұстазға қарыз-*

лауымен қиындығы мен қызығы қат-қабат келіп жататын ұстаздық жолды таңдаған Меруерт Талантқызы жас та болса студенттерге үлкен өнеге көрсететіндей, болашақ мықты мамандар дайындайтындай мұғалім деп үлкен сеніммен айта аламыз.

Біз ең алғаш мектеп қабырғасынан түлеп ұшып, үлкен өмір жолына қадам басып, алып шаһар, арман қала – Алматыға, еліміздегі көшбасшы бірегей университет – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арман қуып, көзіміз жәудіреген балғын бүлдіршін болып келгенімізде, ең алғаш өз қам-қорлығын көрсетіп, ұстаздық ыстық ықыласын білдіріп, бар білгенін бізге үйреткен жан осы кісі болып табылады. Біз оқуға түскен жылы біздің куратор-эдвайзеріміз болып та сайланды. Бізді өжеттілікке, қайсарлыққа, көшбасшылыққа үйрете білді. Сонымен қатар адами құндылықтарымызды да сақтауымызды санамызға сіңіре білді. Қазіргі көптеген жетістіктеріміздің бас-

тауы осы ұстазымыз қалыптастырған тәрбиенің арқасы деп білеміз. Өйткені біздің санамызда қалыптасқан қайтпас қайсар болу деген қағида бар.

Сонымен қатар куратор-эдвайзерлердің білімділігі, біліктілігі, студенттермен жұмыс істей білу тәжірибесі, жан-жақтылығы, тіпті өнері де сыналатын факультетіміздің “Ең үздік куратор-эдвайзер – 2012” байқауында бақ сынаған ұстазымыз, жүлделі үшінші орынды иеленді. Бұл біз үшін де үлкен қуаныш болды.

Ұстаз еңбегі қашан да бағалы. Шәкірттің жақсы болуы – ұстаздан демекші, Меруерт Талантқызы әлі де талай еліміздің тізгінін ұстар ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеп шығаратындығына сеніміміз мол. Ұстазымызға шығармашылық өрлеу мен үлкен табыстар тілейміз.

Айдана ДӘУРЕНҚЫЗЫ,
*Экономика және бизнес
жоғары мектебінің
3 курс студенті*

Парад талантов

В декабре уходящего года во Дворце школьников прошло знаменательное событие – торжественный парад 650 отличников учебы всех колледжей города Алматы. Мероприятие проводилось впервые и прошло под девизом «Мы готовы служить будущему нашей Родины». Его организаторами выступили Управление образованием, Ассоциация выпускников колледжей Алматы и Ассоциация колледжей города.



Участниками праздника стали самые одаренные и талантливые учащиеся. Это – пытливая, целеустремленная и думающая молодежь, гордость независимого Казахстана. Представители НДП «Нур Отан», руководители предприятий, педагоги и родители поздравляли и желали успехов колледжистам.

«Победы на олимпиадах и конкурсах, стремление к научно-познавательной и творческой деятельности – это и результат работы педагогов, которые делятся знаниями, раскрывают ваши способности и таланты. Преподаватели готовят вас к жизни и преодолению трудностей. В ваши победы и успехи вложено много их труда», – отметила, поздравляя участников мероприятия, президент Ассоциации колледжей г. Алматы Ж. Азисханова.

Интеллектуальная молодежь – главный капитал нашей независимой страны. Великий аль-Фараби, имя которого носит наш университет, в свое время писал, что «знание и воспитание являются двумя крылами подрастающего поколения». Среди тех, кого чествовали, были и лучшие представители колледжа КазНУ им. аль-Фараби.

Отрадно отметить, что ребята колледжа стремятся достичь вершин знаний, творят, создают и закладывают новую, современную интеллектуальную базу страны. Они свободны, смелы в своих открытиях, не ищут легких путей и хорошо осознают, что мало стать лучшим, необходимо держать эту высокую планку. Учащиеся колледжа КазНУ показали свои творческие работы на специальной выставке. Особо удивили прикладное искусство, макеты архитектурных сооружений, женские украшения, сделанные их руками. Каждый желающий мог получить полную информацию об изделиях, услышать рекомендации и разъяснения по технологии изготовления того или иного образца.

36 отличников учебы колледжа КазНУ и их родители были отмечены благодарственными письмами. Особыми грамотами управления образования г. Алматы и ассоциации колледжей были награждены студентки третьего курса Виктория Ильина и Айдана Мажитова.

М. АППАКОВА,
заместитель директора по УВР,
М. ШАЙХЫНОВА,
преподаватель колледжа КазНУ

Қай заманда да адамның жан сұлулығы жоғары бағаланған. Адамның рухани бай болуының өзі жан сұлулығына байланысты болмақ. Мейлі ол экономист, мейлі ол технолог, инженер, саясаткер, дәрігер болсын, кітап оқу – бәрімізге керек дүние. Қалай десек те кітап – адам баласының рухани бастауының кілті.

Мен де өзімнің шағын тәжірибеммен бөлістім. Өңгіме барысында уақыттың қалай өтіп кеткенін де байқамай қалыппыз. Соңында Құралай апай маған Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» атты еңбегін оқуыма кеңес берді. Сонда мен: «Шыны керек, өзімнің де осы шығарманы оқимын деп

“ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы

Біздің қоғамда жастар арасында кітап оқудың азаюы – алаңдатарлық мәселе. Кітап оқитын жастар саусақпен санарлықтай. Жасөспірімдердің санасын мән-мағынасыз шетелдік персонаждар, фантастикалық ойындар мен қатігездікке толы кинолар улауда. Әдеби кітап оқымаған, өлінің, жерінің тарихын білмейтін, небір ғажайып лирикаға толы өлең шумақтарын жаттап өспеген баланың болашағынан не күтуге болады?!

Міне, дәл осы мақсатта біздің әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің атқарып жатқан шаралары атап айтуға тұрарлықтай. Соның бірі – «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы. Менің ойымша, жобаның басты мақсаты ұлы ақын-жазушылардың шығармаларын жастар арасында кеңінен насихаттау, студенттердің жан-жақты білімін жетілдіру болып табылады. Жалпы бұл жоба аясында менің қол жеткізген жетістіктерім аз емес. Мен бұл жоба арқылы көптеген студенттермен әртүрлі тақырыпта пікір алмастым, жаңа достар таптым, өзге де жазушылардың шығармаларымен таныстым, өмірге деген көзқарасымды өзгерттім. Жалпы «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасына қатысуға маған тікелей біздің факультетіміздің, дәлірек айтқанда, «Есеп және аудит» кафедрасының ұстазы Бельгибаева Құралай Қанашқызы себепкер болды...

Менің әдебиетке деген құштарлығымды біліп, апайым университетіміздегі «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасына қатысуға бағдар берді. Сонымен қатар Құралай апай маған өзінің қандай кітаптар оқығанын, қай ақындармен кездесіп, сұхбат алысқандығы туралы әңгіме етті.

жүргеніме біршама уақыт болып қалды. Бір реті түспей жүр», – деп айтқаным сол еді, Құралай апай сөмкесінен сол кітапты алып шықты. Мен қуанып, бір аптаның ішінде оқып бітіруге уәде бердім. Сол күні бөлмеге келе салысымен кітапты жан-тәніммен беріліп, оқи бастадым. Уәде еткендей бір жетінің ішінде кітапты толығымен оқып бітірдім. Шығармадан алған әсерім мол болды.

Сонымен қатар, Құралай апай колледжден кейінгі «Есеп және аудит» орыс группасымен бірлесе отырып, «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасына байланысты «XXI ғасыр көшбасшысы» атты ойын ұйымдастырып, тәрбие сағатын өткізді. Аталған жобаның тікелей қатысушысы ретінде мені де шақырған болатын. Кураторлық сағат жоғары деңгейде өтті. Студенттер мен оқытушы арасындағы бір жақын байланысты байқадым: сырласып, ақыл сұрасып, кеңес айту арқылы студенттердің мұғалімге деген сыйластығын, ал мұғалімнің студенттерге деген қамқорлығын, жанашырлығын көрдім.

Кітап оқуға деген құмарлығымның арта түсуіне, «Махаббат, қызық мол жылдар» атты шығарманы оқып, мағынасын тереңінен іздей білуіме, «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасына қатысуыма себепкер болған Құралай апайға айтар алғысым шексіз. Осындай мұғалімдердің барына қуанамын. Студенттерді дұрыс жолға бағыттап, білім нәрімен сусындататын тұлғалардың болуы – университетіміздің үлкен жетістігі.

Айгерім ЖОРА,
*«Есеп және аудит» мамандығының
2 курс студенті*

Жолдау қолдауға ие

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінің №10 жатақханасында 16 желтоқсан күні Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «ҚАЗАҚСТАН – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауы талқыланды. Басқосуға факультеттің белсенді студенттері мен аға эдвайзері Шоқатова Айсулу Қажымұқанқызы және №10 жатақхана меңгерушісі Ұлболсын Дайрабаева қатысып, өз ойларын ортаға салды.

Аталмыш бағдарламалық құжатта Президент мемлекеттің 2050 жылға дейінгі даму стратегиясын айқындады. Кездесуде жолдаудың білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесін, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдарына арналған бөлімі, Елбасының жастарға қаратып айтқан сөздері терең талқыға салынды. Студенттер бағдарламалық құжатқа қатысты өз көкейіндегі ойларымен бөлісті. Жалпы, Президентіміз Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған жолдауы еліміздің жасампаздық жолын жалғастырудың басым бағыты ретінде тарих, археология және этнология факультеті студенттерінің қызу қолдауына ие болды.

Әлия СИСЕНБАЕВА,
Тарих, археология және этнология факультетінің 4-курс студенті

В Баку (Азербайджан) прошел международный турнир по боксу среди молодежи. В упорной борьбе студент третьего курса факультета биологии и биотехнологии КазНУ им. аль-Фараби Максим Панарин завоевал золото первенства в весовой категории 69 кг и выполнил норматив мастера спорта РК. В соревнованиях, посвященных памяти известного боксера А.Агаларова, приняли участие спортсмены из 12 стран.



Жеңайсың, Максим!

М.Панарин является победителем и призером международных и республиканских турниров по боксу. Сейчас он активно готовится к участию в молодежном чемпионате Казахстана и чемпионате Азии, который пройдет на Филиппинах.

Заслуженный тренер РК, доцент кафедры физвоспитания и спорта Бахыт Байкулбаев, у которого Максим тренируется в КазНУ, возлагает на воспитанника большие надежды на победу в предстоящих состязаниях.

Соб. корр.

В общежитии №1 преподаватели кафедры теплофизики и технической физики провели встречу со студентами о пользе здорового образа жизни.

Будь здоров, студент!

Выступая перед студентами, организаторы встречи особо отметили, что в Послании народу Казахстана «Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана», Глава государства Н.А.Назарбаев подчеркнул роль здорового образа жизни и спорта.

На мероприятии были показаны презентации об участии преподавателей кафедры в спортивной жизни вуза, видеоролики о вреде алкоголя, курения и наркомании. Первокурсникам раска-

зали о проекте «Культ здорового и красивого тела», клубной форме работы творческих кружков и спортивных секций, студентах КазНУ достойно защищавших честь Казахстана на Олимпийских играх в Лондоне. Преподаватели призвали молодежь активно заниматься спортом, и пропагандировать здоровый образ жизни.

М.А.БОРИБАЕВА,
А.Е.ТУРСЫНБАЕВА,
преподаватели кафедры теплофизики и технической физики

Академиялық ұтқырлық

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – мемлекетіміздің жоғары білім біру жүйесінің көшбасшысы, экономиканың маңызды бағыттарының қарқынды дамуына әсер етуші. Қазіргі заманның ең басты талабы – “білім, ғылым және инновация” болып табылады. Қазақстандықтардың әлемдік бәсекеге сай болуын, білімділік деңгейдің жоғары дәрежеде болуын, жаңа технологияларды, инновацияны меңгеріп қана қоймай, жаңа идеяларды енгізуге ҚазҰУ көптеген мүмкіндіктерді ұсынады. Осы мүмкіндіктер қатарына – сыртқы академиялық ұтқырлықты жатқызуға болады.

Сыртқы академиялық ұтқырлық – бұл студенттер мен оқытушылардың маңызды ғылыми-инновациялық зерттеулер жүргізу мақсатында, маңызды технологияларды меңгеру мақсатында, білікті маман кадрларды даярлау мақсатында белгілі бір уақыт аралығына шетелде оқуға, тәжірибе алмасуға арналған бағдарлама болып табылады. Сонымен қатар осы бағдарлама әлемнің ең беделді оқу орындарын біріктіріп, сол елдердің тілін, мәдениетін жетік меңгерген, халқымен еркін байланыс құра білетін мамандар – Қазақстан экономикасын алға тартып, нұрландандыратынына еш күмәнім жоқ.

Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 200-ден астам шетел серіктестіктері тіркелуде, соның ішінде Еуропаның беделді елдері, Таяу Шығыс елдері, Ресей Федерациясы, АҚШ және т.б. елдерде білім алу мүмкіндіктері зор. Жыл сайын ҚазҰУ-дың мыңнан астам студенттері

академиялық ұтқырлық жүйесіне сәйкес, ERASMUS, TEMPUS, IAESTE, DAAD, MUSKIE, FULBRIGHT және т.б. халықаралық бағдарламалар арқылы шет мемлекеттерде оқуға мүмкіндіктерін жоғары қарқынмен пайдалануда. 2012 оқу жылының күзгі семестрі аталмыш бағдарлама аясында мемлекеттік білім тапсырысы бойынша оқытың ҚазҰУ-дың 90 магистранты шетелге жіберілді. Сондай-ақ, ҚазҰУ-да шет мемлекеттер азаматтары да білім алуда және бұл бағытта 700-ден астам студент тіркелген.

Ендеше әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті студенттерінің алдында “мүмкіндік есіктері” әрдайым ашық. Ең маңыздысы – сол есікке аяқ басу болып табылады!

Құралай БЕЛГБАЕВА,
Экономика және бизнес жоғары мектебінің доценті

Денсаулық – тән, рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы. Денені үнемі ширықтыру, шынықтыру, сананың сапа деңгейін көтеру, рухынды шыңдау – бәрі де денсаулыққа қызмет етеді десек қателеспейміз.

Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі

8 қаңтарда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұйымдастырылған оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлері арасында ететін “Денсаулық” атты 41 дәстүрлі спартакиада өз жалауын көтерді. Оған қатысушылар, бадминтон, мини-футбол, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ, дартс, волейбол спорт түрлерінен сынға түсуде. Университет оқытушылары мен қызметкерлері командаларға бөлініп, қызықты ойын өрнегін көрсетуде. Жыл өткен сайын университетішілік спартакиада қанатын кеңге жайып, қатысушылар қатары өсіп келеді. Биыл өтіп жатқан спорт ойындарына қатысушы оқытушылар

мен қызметкерлердің саны да артып отырғандығы қуантады.

18 қаңтарға дейін созылатын спорт жарысында алғашқы жеңімпаздар анықталуда. Алғашқы күні өткен спорттық сайыста бадминтон спорт түрінен университетіміздің Физика-техникалық факультеті өте жақсы нәтиже көрсетті, командалық і орынды иеленді. Физика-техникалық факультетіне алдағы уақытта спорттық үлкен жетістіктер тілейміз.

Мансия АСЕМБАЕВА,
Физика-техникалық факультеті жылу физика және техникалық физика кафедрасының доценті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Беттеуші – Айжан ЖАҚЫПОВА
Фототілшілер: Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 10022

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.